

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”



«Тіл оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен практиканы ұштастыру» атты I
Көктемгі Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары
2025 ж. 4 сәуір

«Иновационные подходы преподавания языков: слияние теории и практики»
Материалы I Весенней Международной научно-практической онлайн конференции
4 апреля 2025 г.

“Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice”
Proceedings of the I Spring International Scientific and Practical Online Conference
April 4, 2025

Астана, 2025 ж.

УДК 80/81
ББК 81.2
Б18

Chief Editor: Perizat Zh. Balkhimbekova – Head of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”, PhD, assistant professor

Editorial Board:

Dina K. Kurmanayeva – PhD, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Ainagul M. Mukhtarkanova – candidate of pedagogical sciences, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Madina Zh. Tussupbekova – candidate of pedagogical sciences, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Assem M. Kysyrova – candidate of philological sciences, assistant professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Aigul K. Sadykova – PhD, a senior teacher of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Saltanat K. Mukanova – a senior teacher of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

I Spring International Scientific and Practical Online Conference “INNOVATIVE APPROACHES OF LANGUAGE TEACHING: BRIDGING THEORY AND PRACTICE”: Proceedings of the online conference (Astana, April, 2025). – Astana: NJSC “The L.N. Gumilyov ENU”, 2025. – 220p.

The proceedings of the annual conference include scientific articles of participants of the I Spring International Scientific and Practical Online Conference “Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice”, which was held at the Foreign Languages Department on April 4, 2025 in an online format. Materials in these proceedings can be of interest to young and experienced researchers, university and school teachers, different level students who are involved in pursuing research into modern approaches to developing foreign language skills; competence-based modeling in foreign language teaching; interaction of multicultural communication, linguistics, translation with foreign language teaching; the use of information technologies in foreign language teaching.

Authors are fully responsible for the content of their scientific articles and the truthfulness of the facts indicated.

ISBN 978-601-385-060-3

Table of Contents

SECTION 1

ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕНУ

ОБУЧЕНИЕ ЯЗЫКАМ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ТЕХНОЛОГИЙ

TECHNOLOGY-ENHANCED LANGUAGE LEARNING

THE FUTURE OF HIGHER EDUCATION

Ali Güneş..... 8-11

TEACHING LITERATURE IN THE DIGITAL AGE: TOOLS FOR ENGAGING LANGUAGE LEARNERS

Asım AYDIN..... 11-16

DOES AI HAVE EMOTIONS? EXPLORING THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN DESIGNING SYLLABUS FOR SHORT STORY LITERATURE CLASSES

Mustafa CANLI..... 16-21

DECODING SOCIETAL TRENDS THROUGH SOCIAL TEXTS: A TRANSLATION-BASED FRAMEWORK FOR ENHANCING LINGUISTIC COMPETENCE AND INTERCULTURAL AWARENESS IN ELT

ÖZDEMİR. Ö..... 21-29

ПОДГОТОВКА ЛИНГВИСТОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ОБЛАСТИ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ

Владимирова С.В...... 30-34

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ В ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ: ПРАКТИКООРИЕНТИРОВАННЫЙ АСПЕКТ

Кочконбаева С. И., Сулайманжанова Н. С...... 34-42

ПРЕИМУЩЕСТВА ОНЛАЙН ОБУЧЕНИЯ, НА ПРИМЕРЕ ЛАТИНСКОГО ЯЗЫКА

Жакаева Г. К., Иметова Ж. К...... 42-46

THE USE OF CRITICAL THINKING IN LEARNING FOREIGN LANGUAGES

Zhandildinova A.M.
Zhanayeva Zh.A...... 46-50

THE INTEGRATION OF AI TECHNOLOGIES IN ENGLISH LANGUAGE INSTRUCTION: A CRITICAL ANALYSIS OF PROS AND CONS

Otyzbayeva K., Zarkesheva A...... 50-53

USING VIDEO MATERIALS IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

Ospanova F.A...... 53-57

ENHANCING LANGUAGE PROFICIENCY: APPROACHES TO TEACHING PHRASEOLOGY <i>Alzhanova A. Kerimbaeva K., Kemelbekova E.....</i>	57-61
МОТИВАЦИОННЫЙ ПРОФИЛЬ УЧЕНИКА: ИССЛЕДОВАНИЕ ФАКТОРОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА УЧЕБНУЮ МОТИВАЦИЮ <i>Балтынова А.Ш., Буркитбаева А.Г., Дуйшоналиева Б. Т.....</i>	62-65
SPEAKING THROUGH READING: MEDIA DISCOURSE AS THE RESOURCE FOR VARIOUS TOPICS <i>B.G. Smagulova</i>	66-70
MIND MAP ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚТАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ <i>Мусабаева Г.М.....</i>	71-74
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <i>Нұрғалиева Ұ.С., Мұқанова С.Қ., Ниязбекова А.А.....</i>	74-78
ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКАМ: ОТ АНГЛИЙСКОГО КО ВТОРОМУ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ В КАЗАХСКОЯЗЫЧНЫХ ГРУППАХ <i>А.К. Аубакирова, Г.К. Тусупова, Г.Ж. Нурбекова, Г.М. Жусупова</i>	78-81
ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗДЕРІНІҢ ПАРЕМІЯЛЫҚ СИПАТЫ <i>Қызырова Ә.М., Нұрдыбаева А.К.....</i>	81-85
Section 2	
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТІЛ ҮЙРЕНУ	
ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ПЕРСОНАЛИЗИРОВАННОЕ ИЗУЧЕНИЕ ЯЗЫКОВ	
ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND PERSONALIZED LANGUAGE LEARNING ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <i>Бейсенбек Ж.</i>	85-90
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕРІ <i>Ізбасар Н., Кеңес Д. Мухтарханова А. М.....</i>	90-92
THE INFLUENCE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE ON A MODERN FIRST-YEAR STUDENT <i>Загоруля О.Л., Бектұрмова А., Ласкова А.....</i>	93-97
Technology Enhanced Language Learning: The Role of Artificial Intelligence <i>Sadykova A.K., Samoilova.K.I, Serzhanuly.Y.....</i>	97-101

THE IMPACT OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE ON STUDENT LEARNING <i>A. Serikpayeva, G. Bimuratova, Niyazbekova A.A.....</i>	101-107
FOOD WASTE IN EDUCATIONAL INSTITUTIONS: THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN MITIGATION <i>Khaidar A., Zhumadi K., Otyzbayeva K.Zh.....</i>	107-109
ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В ОБУЧЕНИИ И ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ <i>Мусабекова З.С., Имангалиева М.К.....</i>	110-115
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПЕРСОНАЛИЗИРОВАННОГО ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА С ПРИМЕНЕНИЕМ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА <i>Маликов Н., Аубакирова А.К.....</i>	115-117
Section 3	
ТІЛДІК ЕМЕС ФАКУЛЬТЕТТЕРДЕ ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ	
ПРЕПОДАВАНИЕ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ НА НЕЯЗЫКОВЫХ	
ФАКУЛЬТЕТАХ	
TEACHING FOREIGN LANGUAGES IN NON LINGUISTIC FACULTIES	
МАТЕМАТИКА ЛОГИКАСЫ МЕН АҒЫЛШЫН ГРАММАТИКАСЫН БАЙЛАНЫСТЫРУ ТЕХНИКАСЫ <i>Сейдулла О.О, Буркитбаева А.Г.....</i>	118-121
English for Specific Purposes in the Higher Education System of Kazakhstan <i>Burkitbayeva D.K., Zhaksylykov A.Z., Ustelimova N.A.....</i>	121-128
MECHANICAL ENGINEERING AND VIRTUAL REALITY: ANALYZING AND IMPROVING THE CAR AERODYNAMICS. <i>Kumekov Nurassyl, Dyusengalieva A. A.....</i>	128-133
ENHACING SPECIALIZED ENGLISH LANGUAGE SKILLS FOR VARIOUS SECTORS OF TOURISM <i>Mukanova L.S., Tazhitova G.Z.....</i>	133-137
ENHANCING CRITICAL THINKING SKILLS THROUGH THE INTERPRETATION OF AUTOCHTHONOUS TEXTS <i>Shakhputova Z.Kh., Aitmukhamedgali M.....</i>	138-143
THE ROLE OF CULTURALLY CONTEXTUALIZED ELT IN ENHANCING CRITICAL THINKING SKILLS AMONG KAZAKHSTANI LEARNERS <i>Shukirbayeva B.K., Kurmanayeva D.K.....</i>	143-150

ПРОБЛЕМЫ МОТИВАЦИИ СТУДЕНТОВ НЕЛИНГВИСТИЧЕСКИХ
ФАКУЛЬТЕТОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Жомай Г.К...... 151-154

ВЫГОРАНИЕ И КУЛЬТ ПРОДУКТИВНОСТИ СРЕДИ СТУДЕНТОВ ПЕРВОГО
КУРСА УНИВЕРСИТЕТА

*Загоруля О.Л., Берекетова Т., Жұмажан Ж., Бақыт Ә., Ашкенова
Д.*..... 154-158

Section 4

ҮЗДІКСІЗ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ

НЕПРЕРЫВНОЕ И МНОГОЯЗЫЧНОЕ ОБУЧЕНИЕ

LIFELONG AND MULTILINGUAL EDUCATION

THE IMAGE OF WOMEN IN KAZAKH LITERATURE: PAST AND PRESENT

Әмзе А., Баймұханбет Н., Мухтарханова А. М...... 158-163

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ
ЖӘНЕ ФОНЕТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІНЕ ШОЛУ

Закарина Қ., Казимова Г., Мухтарханова А. М...... 163-168

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ АРҚЫЛЫ ТІЛ
ҮЙРЕНУ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ

Арғынбаева Ұ., Куралбаева А., Мухтарханова А. М...... 168-170

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛДІҢ РӨЛІ

Қонысбек Ж., Рахымбек Е., Мухтарханова А.М...... 171-174

АБАЙ МЕН ШЕКСПИР: ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҮНДЕСТІК

Мұхтар А.Т., Мухтарханова А.М...... 175-178

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ИДИОМАЛАР

Пернебай Е., Мухтарханова А. М...... 178-182

АМЕРИКАНДЫҚ ЖӘНЕ БРИТАНДЫҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІң АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ <i>Серикбол Ж., Мұратбек А., Мухтарханова А.М.</i>	182-186
--	---------

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІң АҒЫЛШЫН ЕРТЕГІЛЕРІНЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ: «ЕР ТӨСТІК» ПЕН «ДЖЕК ЖӘНЕ БҰРШАҚ САБАҒЫ» <i>Шаукен Ә., Капбасова А., Мухтарханова А. М.</i>	186-190
--	---------

Section 5

ОНЛАЙН ЖӘНЕ АРАЛАС ТІЛДІК ОҚЫТУ

ОНЛАЙН И ГИБРИДНОЕ ЯЗЫКОВОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

ONLINE AND HYBRID LANGUAGE EDUCATION

THE BENEFITS OF USAGE HYBRID EDUCATION FOR FOREIGN LANGUAGE <i>Alatay. N.Sh., Nurgaliyeva U. S.</i>	190-195
---	---------

ОНЛАЙН ЖӘНЕ АРАЛАС ТІЛДІК ОҚЫТУ <i>Шора А. Қ., Балхимбекова П.Ж.</i>	195-199
---	---------

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ЕНГЕН SLANG СӨЗДЕРДІң ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ӘСЕРІ <i>Жолтан М., Қатарбай А., Тусупбекова М.Ж.</i>	199-206
---	---------

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРІНІң ЖАСАЛУЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ <i>Қуанышбек А.Б., Нұрдыбаева А.Қ.</i>	206-212
--	---------

ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕТУ <i>Ахмет Қ., Балхимбекова П.Ж.</i>	212-215
---	---------

GAMIFICATION IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING: THE EFFECTIVENESS OF MOBILE APPLICATIONS IN INCREASING STUDENT MOTIVATION <i>Zhamikhanova D.K., Mukushev D.G.</i>	216-220
--	---------

ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗДЕРІНІҢ ПАРЕМИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Қызырова Ә.М.
Нұрдыбаева А.К.
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті

Түйіндеме: Ағылшын-қазақ мақал-мәтелдеріндегі ұлттық менталитеттің көріністерін салыстырмалы тұрғыдан қарау нәтижесінде келесі тұжырымдарды жасауға болады: қазақ-ағылшын халықтарының ұлттық мінездерінің кейбір қасиеттері мақал-мәтелдерде әртүрлі, өзгешелікті көрініс береді. Бұл ерекшеліктер тек қана тілдік факторлармен байланысты болмай осы халықтардың нақты әлемге деген көзқарастардың айырмашылығынан шығады.

Түйін сөздер: Ағылшын тілі, ұлттық мәдениет, ұлттық мінездер, мақал-мәтел, паремия

Аннотация

В статье были подвергнуты анализу некоторые свойства национального характера казахского и английского народы, отмечено специфические их проявление в паремических единицах.

Ключевые слова: национальный менталитет, паремия национальный характер

Тілді адамның әлеуметтік тұрмысын қамтитын мәдениеттен, тарихтан тыс тек қана қарапайым таңбалық жүйе ретінде қарастыру анық танымдық мүмкіншіліктерін шектейді. Ал әр түрлі білім салаларының салыстырмалы- салғастырмалы түрде қолданған ұсынымдары этностық ішкі және сыртқы көріністерін сипаттауға себін тигізеді. Зерттеуші Ю.В. Бромлей сөзімен айтқанда, әрбір этностық өзгешеліктері бар, олар екіжақтылықты қасиеттерге ие: «әрбір этноста мәдениет элементінің сыртқы» көрінуі мен «ішкі» мазмұнында ерекшелік бар. Мағынасына байланысты барлық мәдени құбылыстар өзіндік екіжақтылыққа ие: өзінің «сыртқы» көрінісімен қатар, олардың «екінші өмірі» бар. Олар мағынасы арқылы айқындалады. Мағына затта жасырылған, ол ақыл-ой эстетикалық сезіммен адамгершілік интуициямен белгілі болады, бір көргеннен танылмайды. Мағынаның бұл мәні – мәдениетті тану кілті [1,25].

Этностың мәдениетінің «сыртқы» және «ішкі» өзгешеліктерін «ұлттық мәдениетінің мінез» мәселесін салыстырмалы түрде талдап, әрбір халықтың мәдениеттерінің негізгі проблемасы – ұлттық мінездің тілдегі және мәдениеттегі көрінісін сипаттау арқылы дәлелдеуге болады. Бұл этномәдени және тілдік тұрғыдан зерттемені жүргізу үшін ұлттық мінездің келесі анықтамаларына сүйенейік. Бұл анықтамаларда ұлттық мінездің әр түрлі қасиеттері көрсетіледі, мәселен, К. Касьянованың пайымдауынша, ұлттық мінез - әлеуметтік архетиптердің жиынтығы: «Ұлттық мінездің негізінде біршама заттардың немесе көзқарастардың терімі жатыр. Олар әрбір белгілі мәдениетті иеленушінің санасында үдемелі түрдегі сезімдер немесе эмоциялардың гаммасымен байланысты жеке адамның, этностың санасында осы бір заттардың немесе көзқарастардың біреу немесе бірнешеуінің пайда болуы белгілі нәтижеге типтік қимылға соқтырады. Жеке тұлғаның санасындағы

белгілі типтік қимылдарды қозғап, жандандыратын бірліктерді біз әлеуметтік архетип деп санаймыз. Әлеуметтік архетип адамдарға ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде жеткізіледі» [2,32].

Ю.Е. Прохоров, И.А. Стернин ұлттық менталитет пен ұлттық мінезді тығыз байланыстыра отырып, тепе-теңдік ұғымдар ретінде қарастырады. Ғалымдардың пікірінше, ұлттық менталитет – шынайы нақтылықты ұлттық стереотиптер негізінде қабылдауға мүмкіншілік тудыратын ұлттық қабылдау тәсілі [3,92].

Әрбір халықтың шынайы нақтылықты қабылдайтын ұлттық тәсілдері әртүрлі болады. Олардың өзгешіліктері шынайылықты ерекше түрде, туған ортаның ерекшелігінен, халықтың шұғылданған шаруашылығының түрінен, көзқарасының туындайтын этникалық қабылдаумен байланысты. Осы қабылдау тетіктері негізінде әр халықтың мінез-қасиеттері қалыптасады. Мінез-қасиеттерінің негізінде шынында да әлеуметтік, ерте заманнан бері этностық санасында бейсаналық, елестер түрде құрылған, кейіннен қоғамда белгілі ережелерге, нормаларға айналған, тек ғана осы экологиялық ортаға сай қалыптасқан ұғымдар жатыр. Әлеуметтік архетиптер халықтың мінез-құлқын құрайтын, бағдарлап отыратын бастапқы үлгілер. Бара-бара бұл үлгілер күрделенеді, бірақ алғашқы бастамалы, әр әлеуметтік-экологиялық текшеде қалыптасқан өзгешіліктерін сақтайды. Сондықтан да әр этностардың мінез-құлқы ерекше болып келеді. Сонымен қоса, халықтардың мінез-құлқытарының ұқсас қасиеттері де бар. Сондықтан біз салғастырмалы-салыстырмалы әдісті қолдану барысында, халықтардың мінез-құлқытарының ұқсастығы мен айырмашылықтарын тілдік бірліктер, мәселен паремияологиялық бірліктер негізінде қарастырамыз.

Зерттеу барысында біз қазақ, ағылшын халықтарының паремиялық бірліктерінде көрініс тапқан халықтардың ұлттық мінез-құлқы ерекшеліктерін талдадық. Талдау нәтижесінде келесі тұжырымдар жасадық: бірінші: қазақ, ағылшын халықтарының мінез-құлқы өзгешелікті сақтап, паремиялық бірліктер әр түрлі көрініс береді; екінші: қазақ, ағылшын мінез-құлқытарының ұқсас қасиеттері де байқалады. Олар да ағылшын, қазақ халықтарының мақал-мәтелдерінде көрсетілген. Бұл тұжырымдамаларды жандандыру үшін тілдік мысалдарға сүйеніп, қазақ, ағылшын халықтарының паремиялық бірліктерде орын тапқан мінез ерекшеліктерін және мінез-құлқылардың ұқсас қасиеттерін талдап көрейік. Осы бағытта өткізген талдау нәтижесінде мінез-құлқы ерекшеліктерін көрсететін мақал-мәтелдерді екі топқа бөлдік:

1) қазақ, ағылшын халықтарының өзгешелік мінез-құлқыларын сипаттайтын мақал-мәтелдердің топтары: 1. қонақжайлылық. Бұл қасиет қазақ халқының бастапқы қасиеті. Ол қасиет қазақ ұлтының сүтімен еніп, сүйегіне сіңген дәстүрлердің бірі. Қазақ «қонақ келсе - құт» деп санап, дастарханға барын салады. Сондықтан да ерте кездегі және қазіргі уақытта қолданатын мақал-мәтелдерде қонақ хақында біршама паремиялық бірліктер баршылық, мысалы: *Қонақтың көп болғаны жақсы* (М.Қашқари); *Қонағыңды құрметте - атың елге жайылады* (Ю.Баласағұни); *Қонақ келмеген үйдің құлағаны артық* (Қорқыт); *Келсе қонақ ашылмаған сор мұңы, әкел асты, көп ұстама сорлыны* (М.Қашқари); *Қонақ келсе күтіп, алма тынышын, тойсын аты – бер жем-шөбін, сұлысын* (М.Қашқари) [4,59-60]. *Қонақ келді – ырысын ала келді; Құтты қонаққа - тәтті тамақ; құтты қонақ келсе – қой егіз табады; Қонағын сыйлаған төрге шығарар; Қонақ келсе есікке, жүгіріп шық, кешікпе; Қонақ келсе ет пісер, ет пінесе, бет пісер* [5,207-208].

Қазақ халқы өзінің «қонақ - құт» наным-сеніміне сай, қонақты құт, бақыт әкелетін қыдыр-атаның бейнесімен кейіптейді, сондықтан да қонақты төрге шақырып, асты-үстіне түсіп күтіп, тәтті тамағын ұсынады, атына жем-шөп, сұлысын беріп, шығарып салады, ал ағылшын халқы үшін қонақжайлылық мінез-құлқының негізгі белгісі емес. С. Г. Тер-Минасованың пікірінше, ағылшын мақал-мәтелдерінде қонақжайлылық қасиеті көрініс бермейді. [6,18]. Бұл қасиет қазақ және орыс халқына тән ғана мінез-құлық ерекшелігі, орыс халқында да қонақжайлылық – ұлттық менталитеттің негізгі белгісі, мысалы: *не красна изба, а красна пирогами; чем богаты, тем и рады;*

Ағылшын тілінде тек қана жиі келетін қонақжайлылық қадірсіз екені айтылған: *a constant guest is never welcome*. Шақырылмаған қонақ сыйлы болмайды: *unbidden guests are (often) welcome when they are gone* (шақырылмаған қонақтың орны есіктің сыртында); *First come first served* (кеш келген қонақ сүйекке де риза); *The best fish smell when they are three days old* (үш күннен кейін ең жақсы балықтың да иісі шыға бастайды); көп қонбаған қонақ сүйкімді болады. *There is no place like home* (қонақта жақсы болса да өз үйімде одан да жақсы). Қадірсіз қонақ туралы қазақ, орыс тілдерінде де жағымсыз пікірлер орын алады, қараңыз: *жатып алған қонақ жараспас, бір күнгі қонақ – құт, екі күнгі қонақ – жұт*. Бір қонақ туралы жағымсыз пікір қазақ елінде көп тарамаған. Орыс тілінде де қонақ туралы айтылған сирек, мысалы тек қана *незванный гость хуже татарина, на незванного гостя не припасена и ложка* [7,86].

Қазақ менталитетіне жомарттық қасиеті де тән. Қазақ елі жомарттықты жақсы әдетке жатқызады, сондықтан да жомарттық адамгершілік қасиетімен бірегей ұғым ретінде қарастырылып, мақал-мәтелдерде жағымды бағаға ие болады, қараңыз: *Ең жақсы әдет – жомарттық* (А.Күгінекей); *Жомарттық аты талай жыл өтсе де ел аузында жүреді* (Рашид- Ад-Дин); *Игі адамның «жомарт» аты шығады, ол өлсе де, «тірі» деп жұрт ұғады* (Ю. Баласағұни); *Жомарттық бақтағы мәуелі ағаш, тіпті сол ағаштың жемісі* (Ә. Науан); *Жомарттық пен адамгершілік – ата мен ана, адалдық пен инабаттылық, солардың екі перзенті* (Ә. Науан); *Жомарт ерге ел алғысын төгеді, сараң атын естісе жұрт сөгеді* (С. Сарайн); *Жомарт болу – ізгі өмір* (С. Сарайн); *Дүние-мал жомартқа жарасады* (Құтып); *Жомарт-малға қайғырмас, білімді-іс те жаңылмас* (Ю.Баласағұни); *Жомарт бол, жомарттық сені сүйкімді етеді* (А. Күгенекей)

«Жомарттық» қасиеті бойынша ағылшын-қазақ мақал-мәтелдердін салғастыра қарағанда біз ағылшын халқына жомарттық қасиеті тән емес екенін дәлелдей аламыз, өйткені осы қасиет ағылшын паремиялық бірліктерінде көрініс бермейді. Керісінше ақшаны шашу, елге дүниені үлестіру жағымды, үлгілі қасиеттерге жатқызылмайды. «Байлық», мол ақшаға ие болу ағылшындықтардың ойы бойынша, адамды елдің көзіне түсіріп, абырой, атақ беретін қасиет. Ағылшындықтар үнемшіл, алды-артын болжағыш ұлт. Осы ұлттың өкілдерінің қоғамдағы әлеуметтік мәртебесі жоғары болса да (ғалым, қорғаушы, саяси қайраткер, дін қызметшісі) олар ең алдымен коммерсант ретінде көрсетеді. Әр сала майданында ағылшын халқы ақша табуға тырысады. Оған көп уақыт бөледі, сондықтан да олардың көзқарастары ерекше. С. Г. Тер-Минасова ағылшындықтар үшін байлықтың өлім мен өмір бірегей ұғым екенін көрсетеді: «бай және кедей топтарына айқын бөлінген ағылшын қоғамында материалдық құндылықтар молшылық, байлық үлкен рөл ойнайды, өйткені бұл өмір мен өлімге теңгерілген ұғым, сондықтан да бай болу - әркімнің ойы. Әр адам бай болуға тырысып, соны тілейді. Бұл моральды –этникалық норма. Бұл

норма қоғамда ізет тұтылады және әлеуметтік түрде мадақталады. Кедей болу - жаман, ол қоғамдық этикаға қарама қарсы келеді.» [8,92].

Ағылшын мақал-мәтелдерінде осы көзқарасқа сай жарлылық хал-ахуалы міналанады, ал байлық адамға тәуелсіздік бергізіп, ішкімге жалынышты қылмайды. Керісінше, қоғамда өзінің әлеуметтік жағдайына сай орынды алуға себін тигізеді. Бай адам қоғамының қадірлі мүшесі болып, оның тірегі ретінде саналады. Сондықтан ағылшын халқы байлықты көбейтуге үлкен мән береді, қараңыз: *penny saved is a penny earned* (ақшаны үнемдеп отыру оны еңбектерін төгіп табумен бірдей); *take care of the pence and the pounds will take care of themselves* (тиын сомды сақтайды, ақша ақшаға қосылып, өсім береді); *A heavy purse makes a light heart* (әмиян толы болса жүректе де жеңіл болады.) *A light purse makes a heavy heart* (әмиянның жеңіл болғаны жүректі ауыртады); *A penny saved is a penny gained* (үлкенделген пенни тапқан пеннимен тең); *A penny soul never came to twopence* (ұсақ адам ешқашанда табысқа жетпейді (жеткен жоқ) Ұсақ тиынды аяған одан да көп ақшадан айырылады); *A thief passes for a gentleman when stealing has made him rich* (ұрлық ұрыны бай жасағанда ол джентельмен бола алады; ақшаның иісі жоқ); *An ass loaded with gold climbs to the top of the castle* (алтын тиеген есек замоктың да төбесіне шыға алады; ақша, жол сала алады); *money has no smell* (ақшаның иісі болмайды); *Money begets money* (ақша ақшаны табады; ақшаға қосылады; ақша ақшаға барады;) *Money is a good servant but a bad master* (ақша жақсы малай, бірақ қожайын жаман; ақша адамды жұмсамайды, адам оны жұмсайды; ақылды адам ақшаның иесі, ал ақымақ ақшаға малай ғана болады); *will have more* (ақша көп болған жерде өсімі бола береді). Паремиялық бірліктерде ақшаны табу үшін адам өз білімін, дағдыларын өндеп, көтеру керек екені ескертіледі: *money spent on the brain is never spent in vain* (білім алу үшін жұмсалған ақша ешқашанда текке кетпейді).

Ақша оңай келмейді. Оны табу қиындыққа соқтырады. Ақша үнемі бетсіздік, жексұрындықпен қатар жүреді, қараңыз: *muck and money go together* (жексұрындық пен ақша ылғи да бірге, байлық адал жолмен келмейді; бай адам ар-ұятты сатып ала алмайды, керісінше өз абыройын сатады); *Money often unmakes the men who make it* (ақша өзін табатын адамды бұзады).

Ағылшын-қазақ мақал-мәтелдеріндегі ұлттық менталитеттің көріністерін салыстырмалы тұрғыдан қарау нәтижесінде келесі тұжырымдарды жасауға болады: қазақ-ағылшын халықтарының ұлттық мінездерінің кейбір қасиеттері мақал-мәтелдерде әртүрлі, өзгешелікті көрініс береді. Бұл ерекшеліктер тек қана тілдік факторлармен байланысты болмай осы халықтардың нақты әлемге деген көзқарастардың айырмашылығынан шығады.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі

1. Бромлей Ю.В. Этнографическое изучение знаковых средств культуры. – Ленинград, 1989.
2. Касьянова К. О русском национальном характере. – М.: Институт национальной модели экономики, 1994.
3. Прохоров Ю.Е., Стернин И.А. Русские: коммуникативное поведение. – М.: Флинта, Наука 2007.
4. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер (V-XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштердің материалдары бойынша құрастырылған жинақ) – Алматы: Жазушы, 1987ж.
5. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2007.
6. Тер-Минасова С. Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово / Slovo, 2003.
7. Русские пословицы и поговорки. – М.: Центрполиграф, 2009.

Section 2

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТІЛ ҮЙРЕНУ

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ПЕРСОНАЛИЗИРОВАННОЕ ИЗУЧЕНИЕ ЯЗЫКОВ

ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND PERSONALIZED LANGUAGE LEARNING

УДК: 371.3 004.8

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бейсенбек Жанерке

Л.Н.Гумилева атындағы Еуразия ұлттық университетінің Механика математикалық факультетінің 1 курс студенті, Астана қаласы, Қазақстан

Түйіндеме

Заманауи әлемде технологияның дамуымен білім беру оның мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтетін жаңа құралдарды алады. Перспективті технологиялардың бірі - жасанды интеллект (AI), ол әртүрлі салаларда, соның ішінде білім беру процесінде белсенді түрде енгізілуде. Ағылшын тілі сабақтарында ЖИ-ті пайдалану оқу мен оқу материалын оқытудың жаңа жолдарын ашады, оқуға жеке тәсілдер жасауға және оның сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллект арқылы сабақ өткізу балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, сабаққа белсенді қатысуға мүмкіндік береді. «Жасанды интеллект интеграциясы оқытуды жекелендіру мен студенттерді ынталандырудың жаңа мүмкіндіктерін ашады» (Жас ғалым, 45 б.) [5]. Бұл жасанды интеллекттің пайда болуымен бірге адамдардың технологияны пайдалануы да артуы керек дегенді білдірмейді ме? Қазір көптеген мекемелерде осы жасанды интеллект арқылы ағылшын тілін оқыту сәнге айналды. Бұл сәнді ғана емес, сонымен қатар пайдалы. Балалар мен оқушылардың оқу үдерісін жақсартып, олардың білім деңгейін арттыратын бірден-бір нәрсе – жасанды интеллект. . Ағылшын тілін жасанды интеллектпен оқытудың бірқатар артықшылықтары бар:

- 1) Оқушылардың шоғырлануы
- 2) Ақпаратқа қарапайым және ыңғайлы қол жеткізу
- 3) Қызықты сабақ және т.б.

Зерттеу мақсаты: Бұл мақала ЖИ технологияларының білім беру жүйесінде және ағылшын тілі сабақтарында қаншалықты пайдалы болуы мүмкін екенін, олардың қандай